



Жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 15 тамыздағы N 388

1. Қазақстан Республикасы Үкіметіне жұмылдыру даярлық жүйесін

реформалау және одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды уақтылы және сапалы қамтамасыз ету мақсатында мына құрамды жұмыс тобы құрылсын:

Андрющенко Н.А. - Қазақстан Республикасы Экономика министрінің орынбасары, жетекші

Яловенко П.С. - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары, жетекшінің орынбасары

Жұмыс тобының мүшелері:

Әбілгазин К.Ә. - Қазақстан Республикасы Премьер-Минistrі орынбасарының кеңесшісі

Алиғожанов С.Қ. - Қазақстан Республикасы Қолік және коммуникациялар министрінің бірінші орынбасары

Алтынбеков С.А. - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары

Барбасов М.Ә. - Қазақстан Республикасы Үкімет Аппараты Өнеркәсіп саясаты бөлімі менгерушісінің орынбасары

Коробейников А.Н. - Қазақстан Республикасы Еңбек министрінің орынбасары

Косунов Н.А. - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік

материалдық резервтер жөніндегі
комитеті тәрағасының орынбасары

Мұқашев Ж.Ж. - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрінің бірінші орынбасары

Серебряков Ю.И. - Қазақстан Республикасы Ұлттық
қауіпсіздік комитеті тәрағасының
орынбасары

Тыныбеков М.К. - Қазақстан Республикасы Үкімет
Аппараты Қорғаныс және құқық тәртібі
бөлімінің сектор менгерушісі

Шевелев В.В. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп
және сауда министрінің орынбасары

2. Жұмыс тобына өзінің жұмысы үшін министрліктердің, мемлекеттік
комитеттердің және өзге орталық атқарушы органдар мен ұйымдардың мамандарын
тарту, олардан қажетті мәліметтерді сұрау және алу құқығы берілсін.

3. Министрліктер мемлекеттік комитеттер және өзге орталық атқарушы органдар
өздері жетекшілік ететін халық шаруашылығы салаларының жұмылдыру даярлық
жүйесін жетілдіру жөніндегі қажетті материалдарды уақтылы табыс етсін.

4. Жұмыс тобы 1996 жылғы желтоқсанға дейінгі мерзімде Қазақстан
Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының жұмылдыру даярлық
жүйесін реформалау және одан әрі жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізсін.

5. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Экономика
министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министрдің
орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК